



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2021 жылғы 10 қыркүйектегі №59

Бірғыз ауылысело Иргиз

Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 5 қаңтардағы №367 «2021-2023 жылдарға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджетін бекітутуралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Бірғыз аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 5 қаңтардағы №367 «2021-2023 жылдарға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7952 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2021-2023 жылдарға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 158 888,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 686 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 45 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 156 157,2 мың теңге;

2) шығындар – 158 991,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 103,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 103,5 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 103,5 мың теңге.».

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«5. 2021 жылға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджет арқылы республикалық және облыстық бюджеттерден ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

мемлекеттік ұйымдардың: үйде қызмет көрсету, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге -172 мың теңге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге – 1 841 мың теңге;

«Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға-100 633 мың теңге.»

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. 2021 жылға арналған Қызылжар ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсетуге- 285 мың теңге;

елді мекендерді абаттандыруға- 1 399,2 мың теңге;

жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге- 7 887 мың теңге.»

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ырғыз аудандық
мәслихатының хатшысы**

Н.Қызбергенов